



Дәлелдемелер  
мен Дәлелдеу

АПК

# 19-тарау. ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ДӘЛЕЛДЕУ

- ▶ 128-бап. Дәлелдемелерді және дәлелдеу процесін құқықтық реттеу тәртібі мен ерекшеліктері
- ▶ 129-бап. Дәлелдеу міндеті
- ▶ 130-бап. Дәлелдеу ерекшеліктері

# Дәлелдемелерді және дәлелдеу процесін құқықтық реттеу тәртібі мен ерекшеліктері

128-бап

- ▶ Дәлелдемелерді, дәлелдемелер ретінде алынбайтын нақты деректерді, дәлелдеу нысанасы мен дәлелдемелердің дереккөздерін құқықтық реттеу, сондай-ақ дәлелдемелерді (дәлелдеуді) жинау, зерттеу, бағалау және пайдалану тәртібі және дәлелдемелер мен дәлелдеу туралы басқа да ережелер осы Кодексте белгіленген ерекшеліктерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің нормаларында айқындалады.

# Дәлелдеу міндеті

129-бап

- ▶ 2. Дәлелдеу ауыртпалығын:
- ▶ 1) дау айту жөніндегі талап қою бойынша — ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіні қабылдаған жауапкер;
- ▶ 2) мәжбүрлеу туралы талап қою бойынша – сұратылып отырған әкімшілік актіні қабылдаудан бас тарту үшін негіз болған фактілер бөлігінде жауапкер және өзі үшін қолайлы әкімшілік актінің қабылдануы негізделетін фактілер бөлігінде талап қоюшы көтереді.
- ▶ Егер жауапкер нақты жағдайда талап қоюшы қалаған әкімшілік актіні шығаруды болғызбайтын іс жүзіндегі шарттардың болуына сілтеме жасаса, мұндай шарттарды дәлелдеу жөніндегі міндет осы жауапкерге жүктеледі;

# Дәлелдеу міндеті

129-бап

- ▶ 3) әрекет жасау туралы талап қою бойынша – сұратылып отырған әрекет жасаудан (әрекетсіздік танытудан) бас тарту үшін негіз болып табылған фактілер бөлігінде жауапкер және өзі үшін қолайлы фактілер бөлігінде талап қоюшы;
- ▶ 4) тану туралы талап қою бойынша қандай да бір құқықтық қатынастың болуын немесе болмауын растайтын фактілер бөлігінде талап қоюшы және бұдан былай занды күші жок ауыртпалық түсіретін әкімшілік актінің, сондай-ақ қандай да бір жасалған әрекеттің (әрекетсіздіктің) құқыққа сыйымдылығын негіздейтін фактілер бөлігінде жауапкер көтереді.

# Дәлелдеу міндеті

129-бап

- ▶ 1. Талап қоюшы өз мүмкіндіктеріне сәйкес дәлелдемелерді жинауға қатысуға міндетті. Берілген талап қою түріне қарамастан, талап қоюшы құқықтарының, бостандықтары мен занды мұddeлерінің бұзылғаны туралы өзіне мәлім болған уақытты, сондай-ақ келтірілген залалдың мөлшерін дәлелдеуге міндетті.
- ▶ **3. Жауапкер әкімшілік актіде аталған негіздемелерге ғана сілтеме жасай алады.**
- ▶ 4. Егер барлық дәлелдемелерді зерттегеннен кейін әкімшілік істің нәтижесіне негізделген қандай да бір факт дәлелденбей қалса, онда әкімшілік істі қарау және шешу нәтижелерінің теріс салдарларын осы фактіні дәлелдеудің ауыртпалығын көтеретін тарап көтереді.

# Дәлелдеу ерекшеліктері

соттың белсенді қатысуымен  
130 бап

- ▶ 1. Сот процестің барлық сатыларында формальды қателерді жоюға, түсініксіз сөздерді нақтылауға, әкімшілік істің мәні бойынша өтінішхаттарды беруге, толық емес нақты деректерді толықтыруға, әкімшілік істің мән-жайларын толық айқындау мен объективті бағалау үшін маңызы бар барлық жазбаша түсініктемелерді беруге жәрдем көрсетуге міндетті.

# Дәлелдеу ерекшеліктері

тараптар сотқа жәрдем көрсетуге міндетті  
130 бап

- ▶ 2. Егер әкімшілік процеске қатысушылар ұсынған дәлелдемелер жеткіліксіз болып табылса, сот оларды өз бастамасы бойынша жинайды.
- ▶ Әкімшілік процеске қатысушылар сотқа әкімшілік істің накты мән-жайларын зерттеуге және дәлелдемелерді жинауға жәрдем көрсетуге міндетті.
- ▶ Сот тараптардың түпкілікті шешім шығару кезінде рұқсат етілетін дәлелдемелердің жарамдылығы туралы арызымен байланысты емес.

# Дәлелдеу ерекшеліктері

соттың талабы бойынша дәлелдемелерді ұсыну міндегі  
130 бап

- ▶ 3. Әкімшілік процеске қатысушылар сот талап еткен құжаттарды, сондай-ақ қажетті мәліметтерді беруге міндепті. Сот бұл құжаттарды белгілі бір мерзімге талап ете алады.
- ▶ Әкімшілік процеске қатысушылар осы құжаттарға өздері сілтеме жасайтын электрондық құжаттарды, құжаттарды не олардан үзінді-көшірмелерді қоса беруге міндепті.

# Дәлелдеу ерекшеліктері

сотқа кедергі келтірудің салдары

130 бап

- ▶ 4. Әкімшілік іске қатысатын адамдар қандай да бір дәлелдемені жоюға немесе жасыруға не дәлелдемелерді алуға мүмкіндік тудырмай немесе оны қындана отырып, оны зерттеу мен бағалауға өзге тәсілмен кедергі келтіруге құқылы емес. Мұндай жағдайда сот дәлелдеу ауыртпалығын ӘРПКодекстің 129-бабының екінші бөлігінде белгіленген қағидаларға қарамастан, кедергі келтіруші тарапқа жүктеуі мүмкін.

# Дәлелдеу ерекшеліктері

дәлелдемелерді ұсынбаудың салдары  
130 бап

- ▶ 5. Сот өзі белгілеген мерзімде дәлелдемелерді ұсынудың мүмкін еместігі туралы хабардар етілмеген, сондай-ақ сот дәлелсіз деп таныған себептер бойынша сот талап еткен дәлелдемені ұсыну міндеті орындалмаған жағдайда, сот ӘРПКодекстің 127-бабында белгіленген тәртіппен ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

# Дәлелдеу ерекшеліктері

жабық сот отырысы

130 бап

- ▶ 6. Егер осы құжаттар немесе актілер мазмұнының ашылуы занмен қорғалатын мұдделерге нұқсан келтірілуі мүмкін болса не олар мемлекеттік қупияларды немесе занмен қорғалатын өзге де қупияны құрайтын мәліметтерді қамтитын болса, сот осы құжаттарды немесе актілерді, сондай-ақ мәліметтерді жабық сот отырысында зерттеу туралы ұйғарым шығарады.



**ПРОЦЕСТИК МӘЖБҮРЛЕУ  
ШАРАЛАРЫ.**

**Сот Бакылауы**

**ӘРПК**

# 123 бап. ПРОЦЕСТИК МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫ

- ▶ ескерту;
- ▶ сот отырысы залынан шығарып жіберу;
- ▶ ақшалай өндіріп алу(10 АЕК-тан 100 АЕК-қа дейін).

# ЭРПК арнайы баптары

## ► 112-бап. Сот талқылауына қатысу.

Сот жауапкерге **ақшалай өндіріп алуды** қолдануға, ал қайта келмеген жағдайда әкімшілік істі оның қатысусының қарауға құқылы.

## ► 130-бап. Дәлелдеу ерекшеліктері.

Сот өзі белгілеген мерзімде дәлелдемелерді ұсынудың мүмкін еместігі туралы хабардар етілмеген, сондай-ақ сот дәлелсіз деп таныған себептер бойынша сот талап еткен дәлелдемені ұсыну міндеті орындалмаған жағдайда, сот осы Кодекстің 127-бабында белгіленген тәртіппен **ақшалай өндіріп алуды** қолдануға құқылы.

## ► 138-бап. Келіп түскен іс бойынша соттың әрекеттері.

Пікірді судья белгілеген мерзімде ұсынбау **ақшалай өндіріп алуды** қолдану үшін негіз болып табылуы мүмкін және әкімшілік істі мәні бойынша қарауға кедергі келтірмейді.

# Сот бакылауы

- ▶ **Әкімшілік орган сот шешімінің орындалуы туралы хабарлауға тиіс.**
- ▶ **Сот кез келген шенеунікке айыппұл салуы мүмкін.**
- ▶ **100АЕК мөлшеріндегі айыппұл бір неше рет қолданылуы мүмкін.**